

ӘОЖ 841/331

“ҚҰЛАГЕР” ПОЭМАСЫН АУДАРУДАҒЫ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТ.

Оразова Мадина Ерболқызы

m.orazova95@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультетінің
аударма теориясы және практикасы кафедрасының
магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – А.Төлеубаева

Аударма жалпы адамзат атаулының танымдық рухани алмасуы нәтижесінде мәдениет пен өркениеттің дамуына, адам баласының эстетикалық көркемдікке қол жеткізуіне, санасының өсуіне, дүниетанымының кеңеюіне апаратын жол сияқты.

Аударма ұғымының қолданылу аясы өте кең. Бір тілден екінші тілге поэзиялық және прозалық шығармалар, публицистикалық мақалалар, ғылыми әдебиеттер, ресми іс қағаздар, саяси және қоғам қайраткерлерінің, шешендердің сөйлеген сөздері, кинофильмдер аударылады; әр түрлі тілде сөйлейтін адамдар тіл табысу үшін аудармашылардың көмегін қажет етеді.

«Аударма» сөзі жалпыға түсінікті, әрі көпшілікке белгілі болып табылады. Осыған қарамастан, бұл адам әрекетінің арнайы бір түрі және жемісі болғандықтан, ол ғылыми-терминологиялық анықтауды қажет етеді. Аудармашылардың өздері де «көркем аударма» ұғымына нақты анықтама беруге қиналады. Кейбір әдебиетшілер «аударма-түпнұсқаға негізделіп, түпнұсқаның басқа тілдегі көшірмесі» болу керек деген пікір айтады. Басқаша айтқанда, аударма түпнұсқаға толық сәйкес болу керек. Бұл арада «сәйкестік» деген ұғымға тоқталу керек деп ойлаймыз. Егер бір шығарма екі түрлі тілде, екі түрлі мәдени-тарихи жағдайда өмір сүрсе, онда «сәйкестік» тек шартты түрде ғана болмақ. Осындай тұжырымды белгілі армян сыншысы Левон Мкртчян айтқан: «Если одно и тоже произведение существует на двух разных языках, в контексте разных культур, то о полном соответствии можно говорить лишь в определенном смысле. Даже наиточнейший перевод не может во всем совпадать с оригиналом, быть «абсолютно точным». Перевод и не должен полностью повторять оригинал - искусству противопоставлены повторения».

Көркемдік қабылдауды психологиялық тұрғыдан зерттеудің талабына сай келетін –

көркем мәтінді «сатылап талдау» («послойный анализ» текста) әдісі болып табылады. Неміс философы Н. Гартман көркем шығарманы «сатылап» талдай отыра, онда тілдік құрылым қабатын, кейіпкердің іс – әрекеті қабатын, характерлер қабатын және идеялық мазмұн қабатын көрсетеді [1, 83]. Поляк эстетигі Р. Ингарден де поэтикалық шығарманы сөздің дыбысталу қабатынан, сөздердің көптекістегі беретін мағынасы қабатынан, заттық қабаттан (шығармадығы көрсетілген заттық болмыс), «көріністер қабатынан» (слой видов), көркем мәтіндегі астарлы ой және сезімдік – элюционалдық көріністер қабатынан тұратынын көрсеткен [2, 47].

Кез келген аударма тіліне қарап сол кезеңдегі ұлттық әдеби тілге баға беруге болады, әрі тілді тарихи түрде қалыптастыруға да мүмкіндіктер ашылады. Қазақ тілінен ағылшын тіліне көркем шығармаларды аудару көркемдік құралдарын қалай байытқаны бұрын бізде болмаған шалыс ұйқастан, он буындық тармақтардантасымалды түрлері арқылы өлең мақамының өзгеруінен де танылады.

Тілдің өзіндік сипатына байданысты аударманың түпнұсқадан да асып кетуі мүмкін кездері болады. Аударма өлшемі байлаулы өнер. Өлең-шумақтарының өз ішінен ырғақтары бар. Ақын қай шумақты құрғанда ұйқасқа, ырғаққа, буынға, бунаққа қарамай тұрмайды. Соғанорай оның өз ойын, өз тұлғасын, өз бояуын дәл өзінің көздегеніндей етіп жеткізе алмауы да әбден мүмкін. Сол ойдың, сол тұлғаның, сол бояудың өзге тілдегі өзге ырғаққа, буынға, бунаққа түпнұсқадағыданда әрлірек, әуездірек болуы да мүмкін.

Ол әрбір халықтың тарихының сенім-нанымның, әдет-ғұрыптарының, талғамның, үрдістердің ерекшелігінен құралады. І. Жансүгіровтың «Құлагер» шығармасының мазмұны тереңде жатыр. Көркем шығарманы оқи отырып, автордың алға қойған мақсатынан бастап, көркемдік шешіміне дейін баратын, кейіпкерлердің мінезін, дүниетанымын, іс-әрекетін қамти келе автордың тілі мен стиліне, бағыты мен әдісіне, эстетикалық жағымдылығына жетудің жолдарын байқаймыз.

Көркем шығармаларды аударудың маңыздылығын айғақтаған тілшілер кез келген тілдің «қоғамдық құбылыс ретіндегі жалпы адам баласының тілін сипаттайтын жалпы заңдылықтармен қатар нақтылы тілдің өзіне тән, оны басқа тілдерден бөліп қарауға мүмкіндік беретін жеке заңдарын ажырата білу қажеттілігіне баса назар аударлы, сондықтан бүгінгі күні олар жеке тілдік дәлелдерді жалпы тіл табиғатын да, қызметін де, өзге де құбылыстармен байланысу принциптерін қарастырған дұрыс деп есептеледі»[2,77]

І. Жансүгіровтың «Құлагер» поэмасында сипатталған жағдайларын, сөз тіркестерінің толық мазмұнда жеткізілгенін байқауға болады. Шығарманы ағылшын тіліне аударған Белинда Кук шығарманы түпнұсқаға мүмкіндігіне жақындатып аударған. Аударма жүйелі түрде сипатталған.

Түпнұсқа:

Тасқында тау суындай, **көңіл жыры**,
Қазақтың сусындасын ойы-қыры.
Бұрқырат бұлағыңды кең-далаңа,
Бастырмай шөпке-шарға тоқтап құры.

Аударма:

Spirit songs, burst forth in torrents like a mountain river.
Let all Kazakh heights and valleys quench their thirst.
Do not stagnate here in withering pastures.
Embrace the open land with life-giving waters[Толғану].

Осы үзіндіде **көңіл жыры** тіркесі метаформалық тәсілмен өзінің тікелей мағынасынан шығып, стильдік жаңа ұғымда жұмсалған. Мұндағы қолданылған метафораның ойды бейнелі түрде жеткізгендігі. Дегеммен аударма ұғымды жалпылау арқылы берілген.

Түпнұсқа:

Ақандай осы тауда сері жүрген,
Су ішіп, тауда шиі теріп жүрген[Ақан].
Қайындай мінсіз, таудай таза жігіт,

Көң-қоңыр, былапыттан жеріп жүрген.

Аударма:

Akan was seriof this mountain,
Drinking water and collecting cherries.
He was as safe from life`s corruption
As the flawless birch and the pure mountain.

I. Жансүгіровтың шығармасынан эпикалық образ – кескін-кейпі, мінез-құлқы, іс-әрекетімен тұтас көрінген әрі толық жинақталған, әрі әбден дараланған тип екенін көреміз. Мұндааудармашы кейіпкердің түр-түсін де, ішін де, ісін де кең суреттеп, мол көрсетуге терең, әрі жан-жақты танытуға тырысқан. Оған эпикалық шығарманың өрісі еркін сипатталып жатыр.

Түпнұсқа:

Сұрша тал – сұлу қолдың саласындай,
Қып-қызыл қайың-қыздың баласындай.
Жамылған жанат ішік, мөлдір сұлу,
Көзінің Көкше көлі шарасындай[Ақан].

Аударма:

Pale grey tree, a branching beautiful hands,
Fierce red birch, a young girl`s baby.
Absolute beauty wrapped up in a raccoon fur coat,
Eye-socket of a Kokshe lake.

Берілген үзіндіде айқындау, яғни заттың айрықша сипатын суреттеу де әдеби нормаға сай қолданылғанын және соны көркем шығарманы аудармашы Белинда Кук те сәйкестендіріп аударуға тырысқан.

Көркем шығарманың авторы иедеялық, эстетикалық мақсатына жету метаформа мен метаномия арқылы сөз мәнін өңдендіре өзгеріп айту, суреттеліп отырған құбылысты айқындай, әсерін күшейте түсі үшін аудармашының эпитет, метафора, тұрақты теңеудің түрлері берілген.

Қорытындылай келе, лингвистикалық қолданыстардың кеңінен пайдаланысқа енгендіктен, сонымен қатар олардың типтік және өзіндік ерекшеліктерімен сомдай келе, ұлттық болмысқа ие деп келеміз.

Бұған эпитеттер, метафоралар, теңеулер жатады. Аударылуға енген эпитеттер көбіне қазақ тілінде кездеседі. Тұрақты сөз тіркестерінің қалыптан бұзылуы немесе берілген сөз тіркесінің бір бөлігінің өзгеруі, қосымша келген бөліктің қазақ тілінен ағылшын тіліне аударудағы лингвистикалық қолданысына тән. Бұл қолданыс көбіне көркем шығармада қолданылады. Дегенмен аудармашы қазақ тілінің нормаларына сүйене отырып, түпнұсқаның айрықша ерекшеліктерін сақтауға тырысты. В.Г. Белицкийдің пайымдауынша, көп мағынадағы сөздің аудармада қалыптың өзгеруінің қолданысы болып келеді. Сонымен қатар, түпнұсқаға жақындау ол әріптердің ұқсату емес, рухани байланыс табу. Әр тілдің өзіндік ерекшеліктері бар тіркес не бейнеі дәл жеткізу аударылатын тілдің оқырманға түсінікті етіп жеткізуін қарастырады[4,38]. Бейне көп жағдайда байқала бермейді,соған орай аударылатын шығарма түпнұсқаға сай болу керек.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Жансүгіров I. Шығармалар. 2 т. - Алматы: ҚМКӘБ, 1960.
2. Пушкин А.С. Шығармалар. - Алматы: 1 т., 1953.
3. I. Кеңесбаев, Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі, А., 1977
4. В. Г. Белицкий. Основы общей теории перевода. Санкт-Петербург., 1999